Образ «Ах Худая» среди тюрков Саяно-Алтая по сравнению с шаманскими божествами возник довольно поздно. В шаманских молитвах никогда не встречается упоминаний об «Ах Худае».

Нижний мир - «тобинки тилекей» находится под землей, где, согласно героическим сказаниям, правят семь подземных божеств «ирликов». Подземная страна состоит из семи слоев - «тамов» (в вариантах- из девяти), где нет ни солнца, ни луны (по другим версиям, там светит половина луны и половина солнца). Деревья в нижнем мире растут кроной вниз (тодир козолиг). «Тобинки тилекей» связан со средним миром входом, называемым «чири аастыг чир тунии» - букв. дымовое отверстие земли с семью «ртами», т.е. проходами, ведущими в семь слоев подземелья. В таком случае можно предположить, что подземный мир имел вверху свод, напоминающий крышу юрты.

В нижнем мире правят семь подземных божеств «ирликов» или «чингесов» (у бирюсинцев) [10]. Они обитают на седьмом подземном «таме», где держат скотоводческое хозяйство из лошадей, коров и овец. Причем, табунщики пасут коней верхом на девятирогих змеях, скотники ездят на шести саженных пестрых лягушках, а чабаны - оседлав шестиногих ящериц.

Семь ирликов имеют общих детей, живущих вместе с ними на одном подземном «таме». Сыновья носят название «моос» и относятся к богатырям, наделенным отрицательной силой (ирлик чармы). Они имеют чертовский вид (айна чулуктиг): лицо чернее земли, глаза величиной с чашку, лоб как дно черного котла. Поэтому их еще называют «хара моос» -черные моосы. Они выходят на поверхность земли из нижнего мира, для того чтобы навредить людям. Главой над ними поставлен «Кир Моос» - Великий моос, имеющий вид семиголового дракона. Одной головой он достигает неба,

другой подпирает землю. Одним ухом он слушает небеса, другим – растущие корни деревьев [11].

Дочери семи «ирликов» носили название «хуу хат» - букв. высохшая старуха (т.е. кожа да кости). В хакасском языке слово «хуу» имеет несколько значений, в том числе и белый лебедь. Но в данном случае применяется понятие – высохший, выцветший, сухой. Например, «хуу пас» - череп (букв. высохшая голова), «хуу чазы» - сухая степь, «хуу соок»- скелет (букв. голые кости) и т.д.

В героических сказаниях внешность «хуу хатов» предстает в следующем виде: имеющие бесовский облик (айна чуллиг), с оловянными глазами, с острыми как шило медными носами и плоскими переносицами, похожими на сточенный бруск. Они имели плешиевые головы, с ушами размером с веялку, с пышными грудями, волокущимися по земле, и корявым лицом, похожим на кору тополя [12]. Из-за своих медных лиц «хуу хаты» имеют дополнительные имена: «Чис Ханзар хуухат» - Медная Костистая высохшая старуха, «Чис Сибелдей хуу хат» - Медная Тощая высохшая старуха, «Чис Хыйазын хуу хат» - Медная Злословная высохшая старуха [13]. Образы ведьм с медными носами «жез тумшук» характерны для мифологии кыргызов Тянь-Шаня, что говорит об их этнокультурных связях с тюрками Саяно-Алтая.

Главой над всеми «хуу хатами» являлась старшая дочь семи ирликов «Чик Чеекей хуу хат» -букв. Пожирающий Бес. Она живет на седьмом подземном «таме», в месте слияния семи морей, в семиугольном медной юрте вместе с семью ирликами. Она имеет отвратительную внешность, которую может изменять (хубулгат тореен). Нос ее бронзовый, а зубы медные. Чик-чеекей такая полная, что ее не охватить семью охапками. Она ходит в стальных башмаках и облезлой кожаной шубе. Чик-чеекей заплетает семь косичек из пестрых змей и украшает себя бриллиантовыми сережками [14]. Она является матерью семерых дочерей, которые называются «сарыг хыс» (букв. желтые девы). Старшая среди них носит имя «Чилбен Сарыг». Волосы «желтых дев» имеют вид желтой конопли. Они ездят на соловых конях. «Желтые девы» ночью проказничают и воруют души людей.

В царстве семи ирликов, в устье семи морей, находится мифическая гора «Порчаналыг Пора Тигей» -букв. Серая Сопка с длинной грядой, где «хуу хаты» развлекаются и совершают гадания. «Чик чеекей», вместе со своими «желтыми девами», на ней через медное сито высеваю зерна и создают воинов подземной армии, которую отправляют против людей «Солнечного мира». Внутри горы «Порчаналыг Пора Тигей» хранится душа «Чик чеекей» в образе желтой лягушки, находящейся в черной шкатулке, которая лежит внутри черного сундука.

Самая младшая дочь семи ирликов носит имя «Тогдыр хуу хат» (в вариантах - «Толбас хуу хат»). Она живет на последнем девятом «таме», в девятиугольной медной юрте [15]. Она имеет девятерых черных сыновей, старший среди которых был «Толбан Хара». Необходимо отметить, что при

своих мистериях шаманы пользовались помощью семи девушек, главную из которых называли «Чилбен Сарыг», и девяти юношей, возглавляемых мифическим вождем «Толбан Хара».

Дойным скотом в хозяйстве «хуу хатов» служит мамонт «аргыланг», имеющий длинные бивни. Изредка он поднимается на поверхность земли и тогда его бивни от дневного света сильно накаляются. От горячих бивней «аргыланга» исходят различные болезни. Живые существа не выдерживают такой высокой температуры и погибают [16]. «Хуу хаты», оставшись без молока, горько плачут, отправляются на поиски и приводят «аргыланга» обратно.

На первом слое подземного мира находилась обитель «Чирси хана» - Земляного хана. Он относится к сыновьям семи ирликов. «Чирси хан» выходит на поверхность земли воевать с людьми «Солнечного мира».

Вместе с ним обитают семь (в вариантах – девять) братьев «кизеров» - богатырей подземного мира, связанных своим происхождением с нечистой силой – «айна чарымы». В некоторых героических сказаниях «кизеры» живут на третьем «таме» подземного мира или за девятью климатическими слоями земли (тогыс там тигир чирнин озаринда). Они приходят к людям Солнечного мира с войной. «Кизеры» разрушают селения, захватывают в плен солнечный народ вместе со скотом и угоняют его в свое подземелье.

Слово «кизер» генетически восходит к имени монгольского эпического героя «Гэсэр» и, вероятно, отождествлялся с монгольскими завоевателями Хонгорая. В эпосе тюрко-монгольских народов «Гэсэр» - герой обширных сказаний, зародившихся, по мнению Б.Я.Владимирцова, в Тибете. В науке предпринималось много попыток выяснить этимологию имени «Гэсэр» (от германского «Кайзер» до тюркского «кес-эр»- карающий муж), но до сих пор не найдено толкования, удовлетворяющего всех ученых [17].

На третьем «таме» подземного мира властвует «Узут хан»- глава царства умерших человеческих душ – «узутов». Он живет в желтой каменной юрте, стоящей на берегу Желтого моря, под Желтым хребтом. «Узут хан» женат на одной из дочерей семи ирликов по имени «Чис Сибелдей», от которой имеет четырех детей. Его сыновья носят имена: «Узум Молат» (Ускер Моке) и «Хара Мотегей». Они рождены с собачьими головами. Две его дочери – «Ученг Арыг» (Узут Арыг) и «Узум Чачах» обладают неприятной внешностью. У них заячьи зубы, овечьи глаза. Расстояние между глаз больше четверти, расстояние между ушей больше сажени. Они носят по три косички из пестрых змей, т.е. являются старыми девами. «Узут хан» и его дети вредят людям «Солнечного мира» [18].

Владыкой последнего девятого «тама» нижнего мира был «Тамы хан». Здесь находилось устье девяти черных морей, течением которых приводилась в действие сороказубая железная кожемялка (талги) или водяная мельница с 60 зазубринами и 70 крючьями. «Тамы хан» наказывал души грешников, которые перемалывались на кожемялке или на мельнице.

После «реформы» пантеона божеств нижнего мира, произведенного бурханизмом, установился единый образ Ирлик хана, который объединил в своем лице все бывшие злые силы шаманизма. Ирлик хан имеет отвратительную внешность. Расстояние между глаз – четверть, расстояние между ушей – сажень, голова величиной с круг дымового отверстия юрты, лоб величиной с дно казана. Он носит большую черную бороду длиной до поясницы. Ирлик хан ездит на черном аргамаке, держа в руках плеть в виде черной змеи [19].

Имя Ирлика как божества злой силы встречается уже в кыргызских рунических надписях в форме «Эрклиг», что значит могучий. Возможно его имя восходит к древнегреческому герою Гераклу (Ираклию). Бурханисты Ирлик хана иносказательно именуют «Чир Худайы» - т.е. подземный бог, а шаманы его величают «Адам хан» - т.е. Великий Отец. Он обитает на седьмом (в вариантах - девятом) «таме» подземного мира. Дворцом Ирлик хана (в вариантах – Чингис хана) служит семиугольная медная юрта, стоящая в устье семи морей (в вариантах – девяти), на берегу Огненного и Отравленного морей (От Талайнанг Оо Талай). Через моря к его дворцу протянут волосяной мост «хыл кобиртки». Стражами у дверей орды Ирлик хана служат две черные собаки, величиной с теленка, и носящие названия: «Игер-Кизер» или «Хазар – Пазар» [20]. Они привязаны на железную цепь с двух сторон дверей золотой «орды». Имя собак «Игер- Кизер» возможно связано с Кербером, сторожевым псом царства умерших душ в греческой мифологии. Образы указанных собак встречаются в мифологии многих тюрко-монгольских народов. Подобные персонажи «Эзер-Казар» известны в алтайском фольклоре и в монгольском эпосе «Гэсэр».

В самом нижнем слое подземного мира находится место мучений для отъявленных грешников. Ирлик хан варит грешников или в большом черном казане с кипящей смолой, или мучает водою в кожемялках.

Одним из помощников в окружении Ирлик хана выступает «Кирей хан». Он очень жестокий, не знающий милосердия даже к своим детям. Аналогичный образ существует в религиозных верованиях алтайцев, у которых хозяин ада в царстве Ирлик хана называется «Керей хан». По всей видимости имя «Керей» восходят к этнониму монгольского племени «керейт», непримиримых противников Чингис хана. Не зря все они, включая имя Чингис хана, представляют ряд злобных божеств в мифологии тюрков Саяно-Алтая.

Следующим божеством подземного мира является «Хараты хан», глава всей нечисти (айналар ханы), уводящий души умерших к Ирлик хану. У него на службе находятся слуги «сарылы», имеющие один глаз и одну руку. Они сидят на железной цепи под замком. Хараты хан отпускает их за душами людей. Если сарыл прыгнет вперед, то пролетит трехдневный путь, если назад – то однодневный [21].

В загробном мире Ирлик хана встречается персонаж «Кормес хана», который выполняет роль главного стража всего подземелья. Он является

покровителем коней – ызыхов гнедой масти. Кормес хан отделял праведников от грешников, идущих по узкому волосяному мосту над Огненным и Отравленным морями. Кормес хан пропускал одних в райскую землю, а других направлял в ад для наказания огнем.

На Алтае слово «кормос» имело несколько значений. Им называли владыку подземного мира Ирлик хана, а также, как и в раннем зороастрисме, всех подвластных ему духов, т.е. его воинство. Имя «Кормес хан» идентично более позднему названию верховного божества «Хурмуста» или «Курбустан», заимствованного из монгольского языка, которое восходит к зороастрисму богу Хормузда.

Следующий персонаж загробного мира «Хагыл хан» представлял посредника между Ирлик ханом и Ах Худаем. Он ведал судьбами людей и вершил суд над ними. Подобный образ существует в религиозных верованиях алтайцев и называется «Кагыр хан». В хакасских героических сказаниях его имя упоминается наряду с конем «хойлаг», забиваемого на поминках. Например, «Пу хойлага, пу Хагыл хан ноо-нимени пилип, пысхы тартыпчадыр» - Эта забиваемая скотина «хойлаг», этот Хагыл хан, что узнав, предопределяют ржанием? [22]. По кумандинским верованиям Ульгенъ, Ирлик хан и Кагыр хан считались братьями.

Средний мир «Кунн!г чир» - букв. Солнечная земля, населен людьми и духами – хозяевами природы. На людей Солнечного мира (кунн!г к!з!) оказывают свое воздействие как боги верхнего, так и нижнего миров. Поэтому человек может совершать как великие, так и низкие поступки.

Кроме людей, в тайге Хонгорая обитали людоеды «мусмалы», не отличающиеся своим обликом от хонгорцев. Однако вместо ног они имели коровьи копыта (!нек азах). Они были созданы вместе с землей и водой. Могучие мусмалы страдали слабоумием. От них можно было спастись зимой на льду, а летом на дереве. Мусмалы любили есть легкие и печень младенцев, а поэтому воровали детей у хонгорцев. Чтобы совершить свои гнусные деяния, они могли принять обличье любого хонгорца. Гибелью для них служила горячая вода. Подобные существа встречаются в мифах шорцев под названием «хащхалар», тувинцев – «бурус», алтайцев – «кырсагал».

Другим демоническим созданием были «мохсагалы» – человекообразные существа, но с собачьими головами. Они были очень глупыми и сильно боялись дождя. Когда мохсагалы заходили во двор, то надо было прятаться в курятниках. Название «мохсагал» восходит к монгольскому «нох» - собака. Мифические образы людей с коровьими копытами и песьими головами встречаются уже в эпоху средневековья в монгольских повествованиях о завоеваниях мира.

В центре Солнечного мира находится священная мировая гора Сумеру – «Субур таг». На ее вершине располагается круглое, как конский глаз, молочное озеро «Ах Сут Кол», имеющее золотые берега. Рядом с озером «Ах Сут кол» растет мировое дерево «Пай Хазынг»- т.е. священная береза (по другим версиям – священный кедр «пай сыра», священная пихта – «пай

сыбы», священный тополь – «пай тирек», священный дуб – «пай дубовай»). Серебряный ствол и золотая корона священной березы «Пай Хазынг» упирается в верхний мир, а корни уходят в нижний мир (чирден тигирнин ортызынга сыгара оскен алтын пурлиг пай хазынг) [23]. «Пай хазынг» служит символом целостности трехмерного мира. Под ее сенью прохлаждаются души «чула», отыхающие от бренного тела во время сна человека.

На вершине священной березы «Пай Хазынг» сидит вещая птица – золотая кукушка (алтын коок), величиной с лошадиную голову. Когда она закукует, то на черной земле начинает расти зеленая трава, на твердых деревьях начинают распускаться листья. Под березой бьет источник с живой и мертвой водой «тынныг сугнан моги суг», а также растет волшебная белая трава – «ус пуунныг ах от», оживляющая погибших богатырей. На горе Сумеру на трех священных дубах находится гнездо супружеской пары мифических птиц «Хан Киреты», охраняющих живую и мертвую воду. Они служат ездовыми птицами богатырей героических сказаний. Двухголовые Хан Киреты имеют золотое оперение, медные клювы и лапы со стальными когтями. Во время полета по небу птица Хан Киреты отождествляется с солнцем. Образ горы Сумеру и птицы Гаруда (Хан Киреты) проник в бурханизм под влиянием буддизма.

Земные богатыри, совершившие походы в нижний мир против нечистой силы, после возвращения в солнечный мир должны были подняться на гору Сумеру. Здесь они окуливали себя дымом богоординской травы (ирбен) и умывались водой из озера «Ах Сут Кол». Подобная процедура была необходима для очищения от нечистого духа «айна- чиктин чызы» и для возвращения светлых мыслей. Кони, участвовавшие в боевых походах богатырей, отпускались пасть на пастбище горы Сумеру и на водопой озера «Ах Сут Кол». Чистый ветер священной горы очищал запахи нечиисти.

Земная поверхность носит специальное определение «чаас», которое восходит к древнетюркскому «йангыз»- бурая земля. Например, в героических сказаниях во время битвы богатырей, говорится: «чаас туби чарыл халган, улгер туби узил халган» - дно земной поверхности раскололось, основание звезд оторвалось. Земля и небо имеют края, где находится проход в другой мир. Место соприкосновения неба с землей носит название «Ачылар –Умулар чир»- т.е. Открывающаяся и Захлопывающаяся земля. Оно находится за горизонтом, у основания неба. Идентичное представление о двух черных скалах – «Ачылар Дъабылар» бытовало в алтайской мифологии. Они служили воротами между небом и землей. Ночью и днем, они как два бодающихся быка, сходились и расходились, не пропуская никого за пределы недозволенного. И земля, и небо имеют как свое дно, так и верхние окна в виде дымового отверстия юрты «тундук» (тигир тундуги, чир тундуги). В иносказательной речи хонгорцев небо зовется «чалаас кибис» - голый ковер, а земля «туктиг кибис» - ворсовый ковер.

Согласно хакасским представлениям, земля была сотворена из меди, а небо из жести. Например, в зачинах героических сказаний говорится: «чиспинен чир пудерде полтыр, тинтебинен тигир пудерде полтыр»- это было тогда, когда земля вместе с медью создавалась, это было тогда, когда небо вместе с жестью строилось.

Итак, ранний пантеон божеств в результате сложения бурханистских идей были преобразованы в две противоположные силы – Верховного бога Ах Худая и его антипода – Ирлик хана.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Архив Кунсткамеры им. Петра Великого. Ф. 3. Оп. 1. Д. 41
2. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 38. Л. 31.
3. Архив Кунсткамеры. Ф. 3. Оп. 1. Д. 38. Л.37.
4. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 149. Л. 9.
5. Архив Кунсткамеры. Ф. 3. Оп. 1. Д. 49.
6. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 149. Л. 13.
7. Катанов Н.Ф. Очерки Урянхайского края. Л. 45.
8. Катанов Н.Ф. Образцы народной литературы тюрksких племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Ч. 9. СПб., 1907. С. 564.
9. Казахско-русский словарь. Алматы, 2001. С. 911.
10. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 104. С. 6; Д. 66. Л. 42; Д. 522.. Л. 314.
11. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 98. С. 182;Д. 79. С. 154.
12. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д 58. Л. 122.
13. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 146. Л. 79.
14. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 91. С. 75.
15. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 97. Л. 83; Д. 628. Л. 30.
16. Тугужекова Майра, 1901 г. рождения, качинка, аал Сапогов.
17. Великий Гэсэр. Бурятское сказание. М., 1999.
18. Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 146. С. 142.
19. Ачитаев Хара Кучен, 1892 г. рождения, белтыр, аал Усть-Сос.
20. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюрksких племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. СПб., 1871. Т. 2. С. 394.
21. Тугужекова Майра.
22. Бутанаев В.Я. Хакасско-русский историко-этнографический словарь. Абакан, 1999.
23. Алыптыг нымахтар. Абакан, 1957. С. 116; Рук. фонд ХакНИИЯЛИ. Д. 32. Л. 26.

# ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Мейірбек ОРАЗОВ**

(Шымкент)

**Бауыржан НАСИРДИНОВ**

(Түркістан)

## “ДАЛА УАЛАЯТНЫҢ” ГАЗЕТІНДЕГІ –МЫШ, -МІШ ТҮЛҒАЛЫ ЕСІМШЕ

*В статье рассматривается применение аффиксов –мыши, -міши в газете “Дала уалаятның газеті” и в древнетюркских письменностях.*

*Makalede müş-mış şeklindeki fil sıfatının “Dala Vilayeti Gazetesindeki” kullanılmış özellikleri ve onun Eski Türk yazıtlarındaki yansımaları ele alınmaktadır.*

Қазақ халқының ана тіліндегі мерзімді баспасөзінің 1870-жылы Ташкент қаласында тұңғыш рет жарық көрген “Түркістан уәләятының газеті” мен 1888 жылы Омбы қаласында дүниеге келген “Дала уәләятының газетінен” басталып, қазіргі кезге дейін жарияланған мындаған мерзімді басылымдармен ұласатын көлемді тарихы бар [1]. Ұлттымыздың сан ғасырлық көмескі тартқан рухын оятуда және де білім нәрімен сузындауына айтарлықтай үлес қосқан баспасөзіміздің тарихын зерттеу ісі өткен ғасырдың орта шенінде қолға алынды. Ғалымдардың түрлі сала бойынша зерделеген еңбектері жарықта шығып, көпшілік оқырман қауымға таныла бастады. Атап айтқанда: Қ.Бекхожин “Қазақ баспасөзінің даму жолдары”, Б. Әбілқасымов “Алғашқы қазақ газеттерінің тілі”, С. Исаевтың “Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы”, Н.Карашеваның “XX ғасырдың басындағы қазақ публицистика тілінің ерекшеліктері” және басқа да тілші, әдебиетші ғалымдармыздың еңбектері бар. Бұл еңбектердің қай-қайсысын алсақ та ұлттық баспасөздің өткенимізден алатын орнын, тіліміздің даму кезендеріне қосқан үлесін қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстырғандағы түрлі ерекшеліктерінің әр қырын ашуға тырысқан көлемді еңбектер.

Жұмысымыздың негізгі мақсаты-жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне және қазақ тілі мен әдеби тіл тарихы туралы жазылған еңбектерге сүйене отырып, ұлттымыздың алғашқы басылымдарындағы кейбір грамматикалық ерекшеліктерін қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстыра отырып көрсету.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ баспасөзінің тілдеріне және қазақ тілі грамматикасы туралы орыс ғалымдары жазған ғылыми дерек көздеріне қарағанда қазақ тілінің негізгі грамматикалық тұлға тәсілдері қазіргі кездегіден көп өзгеріссіз сипатта қалыптасып үлгергені көрінеді. Тіліміздегі септеу, тәуелдеу, жіктеу жүйелері, етістіктің шак, етіс т.б. категориялары қазіргідей нормаланған [2]. Дегенмен, бұл кезендері газеттер немесе кейбір ірі қалалардың баспаханаларында шығарылған

кітаптар тілін қазіргі тіл нормларымен салыстырғанда араларында ешқандай айырма өзгеріс жоқ деп айтуда болмайды. Себебі кейбір грамматикалық тұлғалардың өзге түркілік вариантарының қолданылғандығын көреміз. Мәселен: 1) өткен шақ есімшенің **-ған** қосымшасымен қатар **-мыш** қосымшасы қатар қолданылды. “**Айтылмыш** патша қатынның жоғарғы **айтылмыш** сөздері бек қатты ұнасып, көніліне тиіп ұшбу құнгे шейін ашылмай тұрған ақылын қозғап, мәзкүр қатын ғашық болды Соломонға”(ДУГ 1888,17).

2) есімшенің **-ар**, **-ер** қосымшаларымен қатар **-ұр**, **-ұр**, **-ыр** варианттары қолданылды. “Мал дәулеттің байлығы бір жұтсан жоқ **болыр**, оқымыстының байлығы күннен-күнгे көб **болыр**”[4]. “Ауылында қартың болса жазуб қойған хаттай **болұр**, есік алдында төбен болса, ертеп қойған аттай **болұр**”[5].

3) Шейін шылауының че варианты **мен**, **менен** шылауымен қатар **бірлән**, **бірлә**, **илән**, **бұл**, **осы** есімдіктерінің түркілік **қаю**, **ұшбу**, **мәзкүр** сонымен қатар қазақ тілінің өз тұлға тәсілдерінің берілуінде де ерекшеліктер көптеп кездеседі. **-атын** есімшесінің **-атұрған**, **-атұғын** секілді варианттары қатар қолданылған [6].

Казіргі қазақ тілінде өткен щакты есімше **-ған**, **-ген**, **-қан**, **-кен** жүрнектары арқылы жасалып, сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады. Оның бірі-есім сөздердің алдында келіп, анықтауышы болса, екіншісі-белгілі шакта тұру арқылы етістік қызметін атқарады [7]. Мұның XIX ғасырдың екінші жартысындағы алғашқы баспасөз құралдарының бірі, яғни “Дала уәләятының газетінде” де осы қызметтерде жұмсалғанын көреміз. Сонымен қатар, бұл басылымда есімшенің атрибуттық қызметте жұмсалған жүрнектарының орнына **-мыш**, **-міш** тұлғаларының да қолданылған варианттарын көреміз. Мысалы: “кашып құтылып, қайыққа мініп, жүздіріп, **айтылмыш** аралға кемеге мінген бұзықшы жау бар ма деп тосып отырыпты” (ДУГ 1889,11) Бұл тұлға Абайдың қара сөздерінде де кездеседі. Ақынның қара сөзінде ырықсыз етістің **-ыл** тұлғасынан кейін келіп қолданылған: “Бұл сөзіме нақия дәлелім жоғарыда **жазылмыш** Алла тағаланың есімдері. Бұл **айтылмыш** ұшхисләттің иелерінің алды пайғамбарлар [8]. Абай шығармаларының тілін зерттеген Р. Сыздықова бұл тұлғаны стильдік мақсатта пайдаланған деп көрсетеді [2,285]. Сонымен қатар **-мыш**, **-міш** қосымшалары сол кезеңде баспадан шыққан “Бозжігіт” қисссасында, ресми іс қағаздар үлгілерінде де кездеседі [7,178]. **-Мыш** қосымшасы “Дала уәләятының газетінде” көбіне есім сөздерінің алдында келіп, анықтауыштық қызмет атқарған. Мысалы: “Берлин шаһарының театрында яғни ойнайтұғын үйінде неміс жұртының һәр түрлі нәрсені жазып шығарушысы Пол Гейзе деген адамның жазып **шығармыш** бір кітабынан алғынып **айтылмыш** театрында ойнаған екен.(ДУГ1888,17) Бұл сөйлемде **-мыш** тұлғасы екі түрлі мәнде қолданылып тұр. Бірі күрделі етістік құрамында келіп, баяндауыш болса, екіншісі ырықсыз етіс қосымшасынан кейін келіп, анықтауыш мағынасында қолданылып тұр. **-Мыш** тұлғасы газет беттерінде тек ырықсыз етіс

қосымшаласынан кейін келіп қана қоймай, етістіктің түбіріне жалғанып та қолданылған. “Өзінің хия **болмыш** халіне риза бол, бір бай көпес бол жаңадан өзіне ат ойлай бастады”. “Барша **болмыш** уақығаларды естіп, нешеше ондан Самарқан облысына жиыла бастаған.”(ДУГ 1900, 41) Сонымен қатар газет материалдарында **-мыш** тұлғасы өзінен кейін көптік жалғауын қабылдап, септеліп келген түрінде кездестіреміз. “Сен, адам **жаратылмышлартың** тажысын, сенің суретің мағыналы артық болады, саған сөйлер сөз һам ақыл беріледі.”(ДУГ. 1889/6) Бұл мысалдағы **-мыш** негізінен етістіктен зат есім тудыратын **-ыс** тұлғасының орнына жұмсалып тұр. Мысалы: **жаратылыс-** **жаратылмыш**. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мерзімді баспасөз бетіндегі, яғни “Дала уәләятының газетіндегі” **-мыш** тұлғасының қолданылуы өте сирек екендігін көреміз. Оның орнына қазіргі әдеби тіліміздегі норма болып қалыптасқан **-ған**, **-ген**, **-кан**, **-кен** тұлғаларының жұмсалғандығын аңғарамыз.

Б. Эбілқасымов өз еңбегінде **-мыш** тұлғасының “Дала уәләятының газетінің” 1902 жылғы 3-ақпан күні шығарылған санында **-ған** қосымшасының 93 мәрте, **-мыш** қосымшасының 5 мәрте кездескенін, ал 1890 жылғы 17 тамызында, 1896 жылғы 10-наурызында шығарылған сандандарында **-мыш** қосымшасының мұлдем кездеспегенін көрсеткен [7, 181]. Тіл тарихын зерттеген ғалымдарымыздың еңбектерінде **-мыш**, **-міш** қосымшаларына берген пікірлері біркелкі емес. А. Есенқұлов бұл қосымшаны “тарихи жағынан алғанда зат есімге тән жұрнақ. Осы күнде кейбір түркі тілдерінде бұл жұрнақтың зат есім жасайтын жұрнақ ретінде сақталғандығы көне жұрнақтың қалдығы” - деп көрсетеді. Осы жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер **жазмыш**, **болмыс**, **тұрмыс**, **тарамыс** қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде негізінен бір ғана мағынада қолданатындығын негізге алады [9]. М. Томанов бұл қосымшалардың Орхон-Енисей және Орта ғасыр жазбалар тілінде есімшенің өткен шағын жасағандығын, қазіргі кезде **-ған** қосымшасының қызметін атқаратындығын атап көрсеткен. Жазба ескерткіштер тілінде **-мыш** қосымшасы сөйлемнің анықтауыш, баяндауыш қызметтерімен қатар тұрлаусыз мүшелерінің өзге түрлерінің қызметін атқаратындығын көреміз [10]. М. Қашқари **-мыш** қосымшасы туралы “өткен шақ етістігі дәрежесінде қолданылғанда етістікке **-мыш** қосымшасы жалғанады. Мұндай жағдайда **-мыш** өткен шактың күмәнді мағынасын білдіреді. “евгә **бармыш**” – “ол үйге барған болу керек” немесе “ол үйге барған шығар.” “Ол менге **келміш**” “ол маған келген болу керек” немесе “ол маған келген шығар.” Барғаның немесе келгенін мен көрген жоқпын. М. Қашқари бұл қосымшаны **-ды** қосымшасымен салыстыра карайды. **-мыш** қосымшасы арқылы жасалынған есімше күміндану, сенімсіздікпен айтылғандық мағына білдірсе, **-ды** қосымшасы анық, айғакты екендігін көрсетеді. Мысалы “**барды**” деген сөздің мағынасы “барғаның өзім көрдім, барғаны анық” деген мағынаны көрсетеді [11].

Қадырғали Жалаиридің “Жамиғ-ат тауарих” шежіресінің тілін зерттеген Т.Кордабаев “**-мыш**, **-міш** қосымшасының шежіреде есімшенің

өткен шағын жасай отырып, баяндауыш функциясында да есім сөздің анықтауышы функциясында да қолданылғанын” - атап көрсетеді. Және төмендегі мысалдарды атап келтірген. “Үйінің тұңлігі ашылмыш, андын нұры пайда болды. Соң яна бағы **болмыш**. Ұлығлар кічігләрні **асырамыш** қылмаслар”[12]. **-мыш**, **-міш** қосымшалары туралы түрколог М. Оразов тереңірек зерттеу жасап, түркі тілдері тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі пікірлеріне баға бере отырып, төмендегідей тоқтамға келген. Біріншіден, **-мыш**, **-міш** қосымшасының ғалымдар даусыз қабылдаған этимологиясының жоқтығы. Екіншіден, бір топ ғалымдар бұл қосымшаны кірме элементтер арқылы анықтауға әреккет етсе, екінші бір топ ғалымдар түркі тілдері материалдары негізінде анықтауға әрекет еткен. Және бір топ ғалымдар оның құрамында түбір сөздердің ықшамдалу процесі бар деп есептесе, енді бір ғалымдар екі қосымшаның бірге арқылы жасалынған дейді. Казірше анық, даусыз мәселе **-мыш**, **-міш** қосымшасы ерте дәуірден бері қолданылып келе жатқан жалпы түркілік сипатка ие болған көп мағыналы, көп функциялы қосымша [13,113]. Олардың қазіргі күнде тек Оғыз тілдеріне тән қосымша ретінде алынуы сол тілдердің грамматикалық категориясының бір қосымшасы ретінде қолданылуы сонғы дәуірдегі тіл дамуының жемісі ғана [14].

**-мыш**, **-міш** қосымшалары түркі тілдерінің ішінде қолданылу аясы бірдей емес. Бұл қосымша түркі тілдеріндегі жоғарыда аталып өтілгендей оғыз топтарының актив қосымшалырының бір болып саналатын болса, қыпшақ топтарында бұл қосымшаның қызметін **-ған**, **-ген**, **-кан**, **-кен** қосымшалары иеленген. Дегенмен, М. Оразовтың пікірінше “**-мыш**, **-міш** қосымшалары түркі тілдерінің барлығына тән XIV ғасырға дейінгі жазбаларында қолданылғандығын” - атап көрсетеді. Бұл қосымшалар қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ топтарындағы башқұрт, татар, қарлұқ тілдерінің әдеби тілдерінде жеке қолданылмағанымен бұл қосымша ол тілдердің диалектілерінде қолданылады [13,106]. Ал, қазіргі қазақ тілінде **-мыш**, **міш** қосымшалары әдеби тіл нормасына жатпағанымен, Ш.Сарыбаевтың енбегінде Қостанай облысының көптеген аудандарында қолданатындығы көрсетіледі.

XIX ғасырдың екнші жартысындағы басылымдарда және сол кезеңдерде шығарылған ауыз әдебиеті үлгілерінде грамматикалық ерекшеліктердің болуы, ерте кездегі жазба нұсқаларының әсері болса керек. Қазіргі таңда **-мыш**, **-міш** қосымшалары әдеби тіл нормаласы болмағанымен, кейбір сөздерге жалғанып, заттанып қолданылады. Мысалыға: “**жазмыштан озмыш жок**”, **болмыс**, **тарамыс** т.с.с.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Б. Әбілқасымов, “Алғашқы қазақ газеттерінің тілі”. Алматы. 1971 ж. 8-12-беттер.
2. Р. Сыздықова, “Абай шығармаларының тілі”. Алматы. 1968 ж. 229-бет.
3. “Дала уәләятының газеті”, қысқартып “ДУГ”-деп алдық.
4. Ы. Алтынсарин, “Киргизская хрестоматия”. Орынбор. 1879 ж. 13-бет
5. “Түркістан уәләятының газеті”, қысқартып “ТУГ”-деп алдық.
6. Р. Сыздықова, “Қазақ әдеби тілінің газеті”. Алматы. 1993 ж. 234-бет
7. Б. Әбілқасымов, “XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі”. Алматы. 1982 ж. 178-бет.
8. А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы. 1-том. Алматы. 1961 ж. 471-476 беттер.
9. А. Есенқұлов, “Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар”. Алматы. 1976 ж. 322-бет.
10. М. Томанов, “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы”. Алматы. 1988 ж. 228—бет.
11. М. Қашқари, “Тұбі бір түркі тілі”. Алматы. 1993 ж. 117-бет.
12. Т. Кордабаев, “Тарихи грамматика мәселелері”. Алматы. 1975 ж. 37-бет
13. М. Оразов, “Етістік”. Алматы. 2001 ж. 113-бет.
14. Ш. Сарыбаев, “Қазақ диалектологиясы”. Алматы. 1991 ж. 162-бет.
15. С. Исаев, “Қазақ тілінің мерзімді баспасөз дамуы”. Алматы.
16. Х. Бекхожин, “Қазақ баспасөзінің даму жолдары”. Алматы. 1964 ж.
17. Н. Қарашева, “XX ғасырдың басындағы қазақ публицистика тілінің ерекшеліктері”. Айқап журналы бойынша. 1959 ж. Канд. дис.

## Женіс ӘБІЛДАЕВ

(Алматы)

### ТҮРІК ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАФЫ "ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ" КЕЗЕҢІНІҢ ТІЛІ

*В данной статье рассматривается вопрос развития турецкого литературного языка эпохи "Национальной литературы" и роль литературного движения "Генч калемлер".*

*Bu makalede "Milli Edebiyat" zamanındaki Türk dilinin gelişme sorunları ve "Genç Kalemeler" edebi hareketinin rolü ele alınmaktadır.*

XX ғасырдың алғашқы жартысында түрік әдебиеті тарихында "Ұлттық әдебиет" деп аталатын кезеңін түрік әдеби тілін қалыптастыруды алар орны зор. Ұлттық әдебиет кезеңі жалпы, шартты түрде 1911-1923 жылдар аралығын, яғни Республикалық Түркия құрылғанға дейінгі аралықты қамтиды. Эйтпесе, мұнда көтерілген ұлтшылдық пен түрік тілі туралы мәселе сонау классикалық Диван әдебиеті кезеңіндегі "Түрки-и басит" (XV-XVI ғ.ғ.) деп аталатын әдеби ағымнан бастау алып, Танзимат кезеңінде шын мәніндегі коғамдық һәм ұлттық мәселе болып көтерілген еді.

Мәселе алты ғасыр бойы Осман империясының ресми тілі болған османшаның қарапайым халықтан алшақтап, түсініксіз халге жеткендігі. Осман тілі – түрік, араб және парсы тілдерінің қосындысынан пайда болған. Бұл тілге қандай айдар тағылмады десенізші! Оны ресми тіл, сарай тілі, зиялы қауым тілі, поэзия тілі деп те атаған. "Тандаулы топқа арналған поэзия тілін (османша) – дейді,- Сервет-и фұнун әдебиетінің өкілі, ақын Тевфик Фикрет, - жай халықтың түсінгенінен пайда жоқ, керісінше зияны көп болады", - деп астамшыл мінез танытқаны да осман тілін қолдағанынан болса керек [1]. Ал, Танзимат өкілі "отандық ақын" деген атпен әйгілі болған Намық Кемал: "Жаңа әдебиет халыққа бет бұруы қажет, беделді біреулерге қызмет еткенше халықтың дертін, қайғы-мұңын жеткізсін. Сондықтан халыққа үн қататын қарапайым тіл қажет. Әдеби тіл – халықтың тілі болуы керек. Өйткені тіл мен әдебиеттің кемшілігінен халық сауатсыз болып жатыр. Ұлгілі әдебиет – ұлттық бірліктің тұғыры", - деп [2] түрік тілінің шын жанашыры екендігін көрсете отырып, осман тілінің қарапайым жағдайға жетуіне, түсінікті тілге айналуына сүбелі үлес қосты.

XIX ғасырда Осман империясының саяси-экономикалық тұрғыдан әлсіреуді оның XX ғасырда ыдырауына әкеліп соқты. Шетел басқыншылары империяны ыдыратып қана қоймай, түрік халқын да езіп-жаншуға бар күштерін салды. Алайда, рухы биік түрік халқы ұлы Ататүріктің бастауымен жан-жақтан анталап енген басқыншыларға қарсы ұлт-азаттық көтеріліске шығып, женіс туын желбіретті. Сөйтіп, жаңа Түркия Республикасы құрылды. Осы ұлт-азаттық көтеріліс (Kurtuluş Savaşı) пен ұлттық қресті (Milli

Macadele) қолдау кезінде жазылған шығармалар "ұлттық әдебиет" атауын тудырды.

Ұлттық әдебиет кезеңінде түрік тілінің ескіліктен құтылып, заманына сай қарапайым да, тұсінікті тілге, яғни халықтық тілге жетуіне "Генч калемлер" (Жас қаламгерлер) деп аталатын әдеби топтың қосқан үлесі орасан, тіпті негізгі десекте болғандай. Түрік ақын-жазушыларының басым көшілігі түрік тілінің қазіргі саф түрікшеге жетуіндегі ерекше енбекті осы үйымның үлесіне тайға таңба басқандай белгілеп берді. Шынында да, Республикалық кезеңнен кейін басталған "тіл төңкерісі" деп аталатын жаңа тіл реформасына Генч калемлер ұсыныстары негіз болған. Сөйтіп, Генч калемлер қандай топ, оның түрік тіліне қосқан үлестің ара салмағы қандай дәрежеде, нендей ұсыныстармен белгілі болды деген сұраптарға жауап іздел көрелік.

О баста Генч калемлер – бір журналдың аты болған. Ол журнал 1910 жылдан бастап Салоники қаласында шығып тұрған. Оның бас редакторы белгілі публицист Эли Жәніп Йөнтем еді. Ал редакция алқасында белгілі қаламгер, әңгіме жанрының атасы, көсемсөз шебері Өмер Сейфеддин мен ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, әдебиетші һәм философ Зия Көкалыш болды.

Генч калемлер қозғалысы - Өмер Сейфеддиннің Эли Жәніпке жазған бір хатында: "Келіңіз, Жәніп мырза, әдебиет пен тілде төңкеріс жасайық", - деген [3] ұсынысынан саналы түрде бастау алады. Зия Көкалыш бұл топты өзінің әлеуметтік көзқарастарына сай деп тауып, қолдауға тырысады.

Осылайша, Генч калемлерден негіз алған тілдегі түрікшілдік шартты түрде екі кезеңде өрбіді десек болғандай. Олар:

- 1) 1911-1945 жылдар аралығындағы "саделешме", яки қарапайымдану;
- 2) 1945-тен қазірге дейінгі "өзлешме" немесе "тасфиеджилик", яки бастапқы қалыпқа ену немесе пуризм [4].

Танзиматшылардың түрік тілі туралы көзқарастары белгілі. Олардың ішінде айрықша Шамседдин Сами 1880 жылы "Хафта" журналында таза тіл туралы онды пікірлер білдірген. Осы кезден 1908-ге дейінгі 28 жыл ішінде түрікше мен османша арасындағы тартыс өрши түсті. Алайда, жылдар өте "таза тіл" пікірі біраз да болса мойындала бастады. Сервет-и фұнун өкілдерінің тым көркем тілге асқан шеберлікпен бет бұрулары қарапайым тілдің ағысына бөгет бола алмады. 1908 жылы Конституциялық билік біраз ойдың бетін ашқан-ды. Сондықтан, қолдан келгенше бұқара халыққа үн қату пікірі зиялы қауым арасында өзекті мәселеге айналды. Түрлі көзқарастағы газет-журналдардың тілі өздігінен қарапайым тілге бағыттала берді. Міне, осы кезде түрікшеленуді ғылыми тақырыпқа айналдырып, таза тілді накты ережелерге негіздеуді қөздеген журналдар мен топтар белен алды. Олардың арасында Генч калемлер жаңа тіл (Yeni Lisan) мәселесінің көшбасында тұрды.

1910 жылы "Иттихад ве теракки" (Бірлік және даму) фракциясының басқармасы мүшесі ретінде Салоникиге барып, осы топқа косылған Зия

Көкалып жаңа тіл жактаушыларының атқарып жатқан істерін былайша түсіндіреді: "Сол кезде Салоникіде Генч калемлер дейтін журнал шығып тұратын. Журналдың бас редакторы Эли Жәніп мырзамен бір күні Беяз куле бақшасында әңгімелесудің сәті тұсті. Бұл жігіт маған өз журналының тіл тазалығын қолдау үшін күрес жүргізіп жатқандығын, ал Өмер Сейфеддин оның жетекшісі екендігін айтты. Өмер Сейфеддиннің тіл туралы пікірлері түп-тұқиянына шейін менің көзқарастарыма дәп келген еді. Жас кезімде Таш кышла дейтін жерде тұтқында жатқанымда әскерилердің мұлазим-и еввелге (кіші лейтенант) еввел мұлазим, мұлазим-и саниге (аға лейтенант) сани мұлазим, Траблусгарбқа - Гарб траблусы, Траблусшамға - Шам траблусы деулері менің мына бір ойға келуіме тұртқі болды: түрік тілін тазарту үшін тілдегі барлық арабша, парсыша сөздерді емес, жалпы араб-парсы ережелерін толығымен алып тастау, арабша-парсыша сөздердің түрікше баламасы болса, олардан бас тартып, ал түрікшесі болмаса қалдыру"[5].

Генч калемлердің жаңа тіл туралы көзқарастарын Өмер Сейфеддин мен Зия Көкалып анықтап берген. Олардың негізі мұнадай:

1. Ұлттық тілді қалыптастыру үшін осман тілін еш болмағандай бір жаққа ысырып тастап, халық әдебиетінің негізгі тірегі – түрік тілін сол қалпында қабылдау, Стамбул халқының, айрықша Стамбул ханымдарының колданып жүрген тілін жазба тілге енгізу;
2. Халық тілінде синонимі бар араб-парсы сөздерін шығарып тастау, синонимі табылмаған, кішігірім нюансы бар сөздерді қалдыру;
3. Халық тіліне енген, сөйтіп пішін мен мағына жағынан өзгеріске ұшыраған, алайда қате айтылатын кірме сөздердің сол тілдегі негізін емес, халық қолданып жүрген формасын түрікше деп қабылдай отырып, қалай айтылса солай жазу. Мысалы: "fenar" деудін орнына fener, "nerdüban" деудін орнына merdiven, "hace" деудін орнына hoca секілді;
4. Көне түрік архаизмдерін тірілтуге ұрынбау. Мысалы: "hasta" деудің орнына "saygı", "ayna" деуге "görgü" сөзін қолданбау;
5. Жаңа терминдер жасау керек болған жағдайда, мұны алдымен халық тілінен іздеу, баламасы табылмаса түрік тілінің сөз тудыруши жүрнақтарымен жаңа сөз жасау. Мұндай мүмкіншілік болмаған күйдің өзінде араб-парсы тілінен (тілдік бояуы тым биік болмау шартымен) жаңа сөздер алу. Заманына сай кейбір кәсіби сөздер мен техникаға қатысты құрал-жабдық атауларын сол тілден өзгерпестен енгізу;
6. Түрік тіліндегі араб-парсы ықпалын біржолата бәсендетіп, осы тілдердегі сөз тіркестері (изафет) мен рай формаларын қабылдамау;
7. Түрік халқы білетін және қолданатын әр сөз түрікше деп есептелсін. Халық қолданысқа толық лайық, жасанды емес деп тапқан әр сөз "ұлттық" деп саналсын. Халық тілі – сөздердің өлі түбірінен емес, жанды қолданысынан пайда болған ағза;
8. Түрік тіліндегі көптік шылауынан басқа ешқандай тілдегі көптік шылауы қолданылmasын. "Amma, keşke, henüz, yanı" секілді тұрмыстық тілге

еніп, қалыптасып қалғандарынан басқа, барлық кірме шылаулар тілден шығарылып тасталсын;

9. Стамбул түрікшесінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ережелер жаңа түрік тілінің негізі болғандықтан, өзге түркі тілдерінен ешқандай сөз, сөз тіркестері немесе шылау формалары енгізілмейді;

10. Сөздердің семантикасы олардың анықтамасы немесе түсініктемесі емес, белгі-ишараты болып табылады. Сөз мағыналары олардың түбірін білумен анықталмайды.

Мінеки, Генч калемлердің көзқарастары, осындай ұстаныммен жазған еңбектері түрік прозасына жаңа стиль әкелді. Осы күннен бастап ақын-жазушылар түрік тіліне өзге тілдерден енген ережелерді біrtіндеп, бірак нақты түрде ығыстыра бастады. Шығарма жазу үстінде түрікше сөздерді іздеу, қажеттілік тумағанша араб-парсы сөздерін қолданбауға әуестене түсті. Зия Көкалыптың: "Өзге тілге сай емес ана үні, әр сөздің іздесен бар түрікшесі"-деуі, сол дәуірдің және кейінгі ақын-жазушылардың да бұлтартпас қағидасына айналған-ды [6].

Жаңа тіл қозғалысына теперіш көрсеткен Сервет-и фұнун өкілдерінің өзі, уақыт өте, шығармаларын төл түрікшеге аудару қажеттілігін түсінген еді. Ал, Танзимат әдебиеті өкілі Зия Паша сонау 1868 жылы Лондонда шығып тұрған "Хұррийет" газетіне жариялаған "Поэзия және проза" (*Şiir ve İnça*) атты мақаласында: "Бір күні сұраныс төл түрікшеге бағыт алған кезде ғажайып ақын-жазушылардың шыққанын көрерсіз. Сол кезде ақылыныздан адасып, таң қаларсыз", - деген көрегендігі араға 15-20 жыл салып, жүзеге асқан болатын.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түрік әдебиеті, А.Кабаклы, 341-бет, 3-том, Стам.-1994.
2. Сонда, 50-бет.
3. Сонда, 336-бет.
4. Түрік әдебиеті, том-1, 254-бет.
5. Сонда, 255-бет.
6. Сонда, 256-бет.

# ЯСАУИТАНУ

**Али ЯМАН**

(Түркістан)

## ЯСАУИ ЖОЛЫНЫң НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫПДА

*В статье говорится об основных особенностях пути Ясауи, таких как поклоняться великим духам, принять во внимание социальную помощь, науку и человеческие качества.*

*Makalede Yesenin yolunun başlıca özellikleri: yüce ruhlara minacat, zikir, müttevazilik, sosyal yardımlaşmaya, ilim ve düşünceye önem verme gibi hususlar işlenmiştir.*

Осы мақалада Яссави жолы туралы еңбектерге өзіндік үлес коса отырып, оның негізгі ерекшеліктеріне қатысты кейбір мәліметтерді ұсынып отырмын. Ең алдымен жылдар бойы жинаған тың мәліметтер туралы мұнда ұсынған пікірлерімде өзгерістердің болуы заңды құбылыс екендігін айтқым келеді.

Кенес одағының идеологиялық деректерінде коммунизмнің қабылдануында ең маңызды кедергі болып есептелген дінге, тақырыбымыз тұрғысынан Ислам дініне қатысты көзқарас тұрғысынан қысқаша тоқталып өтуді жөн санадым. Бұл жөнінен Яссавилік туралы өзіндік пікіріміз бар. Сондықтан әр түрлі сенім мен этникалық топтардан құралған КСРО-да “Кенес” адамын тәрбиелеуде “ғылыми” атеистік әрекеттерге үлкен мән берілген. Бұл тәрбие коммунистік партияның баса назар аударған саласы болып табылады (Сұрапбергенов, 1979: 3). КСРО ыдырағанға дейін дінге қарсы және атеистік тәрбиені көздеген сансыз басылымдар жарық көрді.(Мысалы, қараңыз: Бражник-Дольник, 1963; Жанпейісова, 1966: Исқаков, 1976). Атеистік тәрбие дінге қарсы құрес және интернационалист Кенес моделі үшін алғы шарт болды және діннің пайда болуы материалистік көзқарас тұрғысынан зерттелуі тиіс деп саналды. Осы көзқарас бойынша Ислам діні дәулетті топтар тарапынан алдымен қабылданады және бұның себебі – байлардың бас пайдасын қорғауы. (Ақназаров, 1987: 37-38). Түріктердің рухани дүниесіне тән ерекшеліктерге ие болуы тұрғысынан олардың жүргінің төрінен орын алған Яссави жолы да ғылыми атеизмнің таралуында маңызды мәселе ретінде байқалған. Яссавиліктің адамның бүкіл өмірін Аллаға арнауы және өмір сүрудің мәні Аллаға жақындасу екендігіне баса назар аударылып, өркениет пен дамуға қарсы екендігі айтылған. Осы пікір бойынша Ахмет Яссавидің хикметтері мен тариқаты халықты отарлаушы қауымның зұлымдығына шыдауға және өз жағдайына шүкіршілік етуге, бұл дүниенің нығметтерінен ұзак тұрып, о дүние туралы ойлауға бағыттайты. (Мысалы, қараңыз: Усманов, 1986: 187-188). Алайда, Ахмет Яссави адаптация мен күн көрген адам еді. Ағаш қасық жасап, оны сатумен қүнелткен. Ахмет Яссави хикметтеріндегі “Сопы болмай не істесін, Үйде

істер ісі жоқ, Сопылық жолға түсер, халыққа берер асы жоқ. Ах-ух дегенмен көзінде тамшы жасы жоқ, Сопы болдым әулиесің, Бірак мұсылман болмадың... Сопы болып нәпсі үшін әр уақыт есікке қарайсың. Сыяпат алып келді ме деп келген кісіге қарайсың..." (Биже, 1998: 151). Сондай-ак, оның «Фақрнама» атты кітабында мәндай терсіз өмір сұруғе және дінді адамдарды алдау құралы ретінде қолдануға қарсы пікірлері орын алған. (Зейбек, 2002:47).

Яссави жолы деген үғымнан не түсінеміз? Бұл жолдың негізгі ерекшеліктері қандай? Енді осы мәселені қарастырамыз. Алайда, алдымен бұл жолы түсінуімізге қындық туғызатын кейбір себептерге тоқталып өтейік. Бұл себептердің басқа мақаламызыда егжей-тегжейлі қарастырғандықтан бұл жерде негізгілеріне тоқталамын. (А.Яман, 2002: 107-118) Бұл жерде ең маңызды мәселе – Яссави кезеңіне қатысты деректердің жеткіліксіздігі. Тағы бір мәселе – қолда бар әдебиеттердің Ахмет Яссави және оның жолын өз пікірлері бойынша түрлендіріп беруі. Келесі бір мәселе – хикметтердің жазылған қалпында біздің дәуірімізге дейін жетпеуі, әрдайым өзгертуі.<sup>1</sup> Бұл мәселеде Көпрүлү мынадай мәліметтер ұсынады: "... Ахмет Яссави болсын, осы тариқатқа мүше ақын-дәруіштер болсын, осы уағыз үшін көне түрік халық әдебиеті үлгілері болып есептелетін өлеңдер жазған. Алдымен Яссавиліктен шыққан және Мауераннахрдің 15-16 ғасырлардағы фанаттық ортасынан әсер алған Нақышбенди тариқатының мүшелері ұлы пірлері Ахмет Яссави туралы бірқатар нәрселер жазған, оған қатысты деректер осылар. Бұл ақындар Яссавиліктің алғашқы түрін және Ахмет Яссавиді тарихи шындыққа сай түрде суреттемеген, өз қалаулары мен көзқарастары бойынша ақиқатты толығымен өзгертуінен. Алайда, Яссавилік алғаш таралған көшпенің түрік аймақтарының талаптары және дін өзгерту психологиясының жалпы қағидалары назарға алынатын болса, мұның мүмкін еместігіне көзіміз жетеді. Негізінде осы кейінгі Нақышбенди ақындарының барлық өзгертулеріне қарамастан Яссавиліктің көшпенің түрік аймақтарына таралғандығы, көне түрік политеизмінен біршама әсерленгендейді және рәсімдерінде көшпенділердің салтына сай түрде әйелдер мен ерлердің бірге болғандығы, ескі шаман рәсімдеріндегі сияқты музика, өлең және экстаздық билердің жүзеге асырылғандығы олардың жазбаларынан-ақ анғарылады. Негізінде түріктердің көне діни салттарымен осылайша үйлеспесе, Яссавилік

<sup>1</sup> Бұл мәселеде В.В.Бартольд пен Тоганның мәліметтеріне назар аударайық: "...Оның мистика мәндес өлеңдері танымал болып, тіпті қазірге дейін Орта Азия ақындары осыған еліктеиді. Өкінішке орай, бұл өлеңдер танымал болғандықтан бастапқы қалпында бізге жетпеген; бірқатар жазып көшірушілер өз дәуірлеріне қарай алғашқы тілін өзгертип тұрды..." (В.В.Бартольд, 1968: 117-118) "...Әр түрлі нұсқалардың мазмұнына қарай салыстырмасы "Яссави Құл Қожа Ахметке тән қасидалардың көпшілігі Мактұм Құлы және сол сияқты атақты халық ақындарының шығармаларындағы сияқты кейіннен қосылған және Яссавидікі деп есептеліп кеткен деген дәлелдейді..." (Тоган, 1953: 527)

халық арасына осынша тез тарап, исламдандыру ролін атқара алмас еді...”<sup>2</sup> (Бартольд-Көпрулұ, 187) Бұл жерде қорытындыланған барлық осы мәселені түсінуге қындық тудыратын элементтерге зерттеушілердің субъективті көзқарастарын да қосатын болсақ, Яссайи жолын түсіну барынша қындағы түседі.

Алдымен Қожа Ахмет Яссайдің қандай тұлға болғандығын жақсылап түсіну керек. Басқаша айтқанда, қандай әлеуметтік ортаның мүшесі еді? Тағы бір маңызды мәселе – Қожа Ахмет Яссайдің қандай ортаға арнап жазғандығы. Біз Яссайи жолы ұғымының осы негізгі сұрақтар мен мәселелер шенберінде шешімін табатынына сенеміз. Тақырыпқа қатысты қате көзқарас бәлкім осы сұрақтарға берілетін жауптармен түзеледі деген ойдамын.

Ахмет Яссайдің өмір сүрген кезеңіне қатысты әр түрлі көзқарастарға тоқталмаймыз. Мұның қажеті де жоқ. Оның 11-12 ғасыр аралығында өмір сүргенін назарға алсақ, оның түрік сенімі мен дәстүрлері бойынша өсіп-жетілген тұлға екендігін айтудыңызға болады. Сондай-ақ, Ахмет Яссайді Ислам дініне өту кезеңіндегі негізгі тұлға ретінде көреміз. Ол ескі сенімдерге сай келетін Ислам түсінігін қалыптастыруға және мұны дәстүрлерін діни бүйрықтардан жоғары қоятын<sup>3</sup> түрік қауымдарына қабылдатуға қол жеткізген. Бұл шынында да үлкен жетістік. Және Ахмет Яссайиге түрік сопылығының негіздерін қалаған тұлға сипатын берген де осы жетістік.

Имам Ҳұсамеддин Хусейн бин Али Сығнақи (қ.б.ж. 1311) жазған және Ахмет Яссайиге қатысты аңыздар жазылған “Менакыб-ы Ахмед-и Яссайды” мына сөздер оның қандай түрікмен бабасы екендігін толық сипаттайты: “... Мына нәрсені білу керек: Шейх Ахмет Яссайи 170 кемел және жетілген пірге қызмет етіп, рұқсат, тариқат рұқсаты және бүйрық алғып, олардың әрқайсысынан бешпет киіп, дауыстап оқитын зікір, сема және би рұқсатын алған... бұқара халықтың уағыздау әдісін үйреніп, көшпенді дәруіштер тобынан болып, шаштарын кесіп, сақал, мұрт және қастарын алды... 40 жыл Календерилермен саяхат жасап, Қызыр және Ильяспен достасты...” (Тосун, 1998: 78-79) Осыған ұқсас ерекшеліктерді Анадолыдағы “баба”, “деде”, “абдал”, “шейх”, “гази”, “қажы” сияқты лақаптармен

<sup>2</sup> Тағы да Көпрулұ Ахмет Яссайи және Яссайи жолы туралы мәлімет беретін әдебиеттерден: “... бірқатарының Орта Азияда Нақышбендия тариқатының құрылудынан 15 ғасырда Осман империясы мемлекеттеріне таралғаннан кейін пайда болғандығы назарға алынса, олардың Ахмет Яссайді толығымен Нақышбенди көзқарасы бойынша суреттегендіктері байқалады...” дейді. (Көпрулұ, 1993: 212)

<sup>3</sup> 1863 жылы Орта Азиядағы саяхаттарына қатысты әсерлерін жазған мажар текстес саяхатшы Арминиус Вамбериң пікірінше түріктердің “...діннің бүйрықтарына бағыныштылықтары екінші орында тұрады. Кейбір айрықша жағдайлардан тыс жалпы алғанда салт-дәстүрді діни бүйрықтардан артық санайды... Ислам дінінің сегіз жұз жылдан бері осы халық арасында дәстүр деп аталатын ескі әдеттерді жоя алмағандығына, дін ғалымдарының үгіттеріне қарсы дін тыйым салған бірқатар әдеттерді әлі күнге дейін дұрыс деп санайтындығына назар аударылуы керек...” (Вамбери, 1993: 51-52)

танылған дәруіштерден де байқауға болады. Бұл дәруіштер де көштер арқылы Орта Азиядан Анадолыға келген. (Мысалы, қараңыз: Баркан, 1942)

